

**Павлодар қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 шілдедегі "Павлодар қаласы әкімдігі атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 753/12 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 98/2 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік-құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сәйкес, жоғары деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылуына байланысты Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 шілдедегі "Павлодар қаласы әкімдігі атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 753/12 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4614 болып тіркелген, 2015 жылы 25 шілдеде "Сатып алу ақпарат" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Павлодар қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қолданыстағы заңнамаға сәйкес қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Т. В. Фишерге жүктелсін.

*Павлодар қаласының әкімі*

*Б. Бақауов*